

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Ақ-бұлақ облыстық балалар оналту орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Қараағашты ауылы

05.08.2025 жыл

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары»;

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Ақ-бұлақ облыстық балалар оналту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2024 жылғы 02 мамырдағы № 30-н/қ бұйрығы.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Ақ-бұлақ облыстық балалар оналту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі Кәсіпорын) мен оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметі.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмыс тобы.

Кәсіпорын басшысының 25.05.2025 жылғы №44 н/қ бұйрығымен құрылған құрамында:

Бөлім менгерушісі Асанова А.С, кадр бөлімінің инспекторы Еркеш С.С, бас бухгалтер Сарыбаев Б.Х, кәсіподақ ұйымының төрағасы/медициналық массажист Баратов Г.Г, заң консультанты Байжанов Т.К енгізілген жұмысшы топ.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі.
2025 жыл 02 шілде мен 2025 жылдың 13 тамыз аралығы.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттары.

1) Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

СИПАТТАМА БӨЛІГІ

1. Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Кәсіпорынның қызметін қозғайтын қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындау бойынша құқықтық сараптама

жұмыстары жүргізілді.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

1) Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Кәсіпорынның 2024 жылғы бекітілген штат саны 198,0 лауазымдық бірлік болған, оның ішінде нақты жұмыс атқарғандары 191, ал бос лауазымдар саны 7,0 болған.

2024 жылы орталықта тәулік бойы 175 төсек –орын жұмыс істеген болатын.

2025 жылғы қаңтар айында 2025 жылға арналған штаттық кестесі "Медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі №65 бұйрығы негізінде қайта жасалынып, барлығы 226,0 штаттық бірлік болып бекітілді. Оның ішінде: дәрігерлік персонал-20,5; орта буын медицина персоналы-67,5; кіші буын медицина персоналы-43,0; өзге персонал-95,0. Оның ішінде нақты жұмыс атқарғандары 195, ал бос лауазымдар саны 31,0 бірлікті құрап отыр.

Бос орындар туралы ақпараттар пайда болған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде және ай сайын enbek.kz сайтына мерзімінде орналастырылуда.

2024 жылғы тамыздан желтоқсан айы аралығында кәсіпорынға 11 азамат жұмысқа қабылданған болатын, ал ағымдағы жылы 13 қызметкер жұмысқа қабылданды.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау рәсімі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексіне сәйкес рәсімделген. Барлық қызметкерлер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 103-бабының талаптарын сақтай отырып, жұмысқа ұйым басшысының бұйрығымен бекітілген комиссия негізінде қабылданады. Оның ішінде орта буын медицина персоналын және техникалық қызметкерлерді іріктеу және жұмысқа қабылдау процестері электрондық еңбек биржасымен интеграцияланған «Jumys SmartNation» порталы арқылы қабылданып келеді.

2024 жылы ҚР Еңбек кодексінің 49 бабының 5)тармағына сәйкес-8 қызметкер, 52 бабының 1 тармағының 24 тармақшасына сәйкес -1 қызметкер және аталған Кодекстің 49 бабының 1)тармақшасына сәйкес -3 қызметкермен және 49-бабының 2) тармақшасына сәйкес -1 қызметкермен еңбек шарты бұзылған

Ағымдағы жылы ҚР Еңбек кодексінің 49 бабының 5)тармағына сәйкес-9 қызметкер, 49-бабының 2) тармақшасына сәйкес -4 қызметкермен еңбек шарты бұзылған

Жалпы Кәсіпорын штат саны салыстырмалы түрде аз және қызмет түрі денсаулық сақтау саласының тек қана нақты бір бағыты, яғни медициналық оңалту қызметін көрету болып табылатындықтан жұмысқа қабылданатындар мен босатылатындар саны өте аз, бұл өз кезегінде жұмысқа қабылдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің өте төмен екендігін көрсетеді.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу.

Ішкі талдау жұмыстарын жүргізу барысында мүдделер қақтығысы фактілері бойынша кәсіпорында тегі бірдей бірнеше қызметкерлердің жұмыс атқаратындықтары анықталды. Алайда, олардың туыстық қатынаста емес екендігі анықталды.

Кәсіпорын тікелей азаматтарға мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

Кәсіпорынның қызметінің мәні мен мақсаты болып денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру аясында 3 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге емдеу және қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту қызметтерін көрсету, аурудың алдын алу, сауықтыру қызметтерін жүзеге асыру нақты атап айтқанда медициналы оңалту қызметін көрсету болып табылады.

Медициналық-оңалту қызметтері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі "Медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" №65 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Кәсіпорын рұқсат беру функцияларын, бақылау-тексеру функцияларын іске асырмайды және мемлекеттік бюджеттен емес «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ арқылы қаржыландырылады.

Кәсіпорын денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық жүйелерді пайдаланады.

3) Мемлекеттік сатып алу бойынша.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар қолданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарының аясында Мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы жүзеге асырылып келеді.

Қорытынды:

Тексеріс қорытындысы бойынша:

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының бұйрықтарын ресімдеу барысында анықталған бұзушылықтардың бірі – демалыс кезеңінде күнтізбелік күндермен қатар жұмыс күндері мен мереке күндерінің де бөлек көрсетілуі.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы күнтізбелік күндермен есептеледі. Осыған байланысты демалыс туралы бұйрықтарда тек қана күнтізбелік күндер көрсетілуі тиіс. Жұмыс күндері мен мереке күндерін бөлек көрсету қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келмейді және артық ақпарат болып табылады.

Осыған орай, еңбек демалысы туралы бұйрықты ресімдеу кезінде тек күнтізбелік күндер көрсетілуі тиіс екенін ескертеміз және алдағы уақытта аталған талаптың сақталуын қамтамасыз ету қажет.

Демалысқа шығу туралы бұйрықта бір бұйрықпен екі қызметкердің демалысқа шығуы тіркелген. Нормативтік талаптарға сәйкес, әрбір қызметкерге қатысты жеке бұйрық рәсімделуі тиіс. Бұл қызметтік құжаттарды жүргізудегі нақтылық пен жеке жауапкершілікті қамтамасыз ету үшін маңызды.

Анықталған мәселелер алдағы уақытта құжаттарды ресімдеу барысында тиісті ескеріліп, еңбек заңнамасы мен ішкі тәртіп талаптарына сай рәсімделуі тиіс.

Жұмысшы топ мүшелері:

Бөлім меңгерушісі
Кадр бөлімінің инспекторы:
Бас бухгалтер
Заң консультанты:
Кәсіподақ төрағасы




Еңбек заңнамасы

Асанова А.С.
Еркеш С.С.
Сарыбаев Б.Х.
Байжанов Т.М.
Баратов Г.Г.